

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ, ОНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Даржанов Ербол Шаймұрзаұлы

erboldarzhanov@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Қаржы кафедрасының

Қаржы-21 тобының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Хамитхан Н.

Тауар өндірушілердің дербестігін кеңейту, нарықтық инфрақұрылымды, өндіріс процестерін дамытуға мемлекеттік ықпал етуін азайту және материалдық игіліктерді бөлу экономиканы басқаруда қаржы-несие тетігін пайдаланудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Осыған байланысты мемлекеттің егеменді субъектілерінің мүдделерін ескеретін және нарықтық қатынастарға көшу үшін оларға бірдей бастапқы жағдайлар жасауға бағытталған шаруашылық қызметті сақтандыру мәселелері ерекше маңызға ие болады.

Қазіргі заманғы қазақстандық сақтандыру ғылымының алдында отандық сақтандыру нарығының қалыптасуы мен даму проблемаларын зерделеу жөніндегі міндеттер тұр.


2020 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығында 28 сақтандыру ұйымы (оның 8-і – өмірді сақтандыру), 13 сақтандыру брокері, 57 актуарий жұмыс істеуде.

Сақтандыру ұйымдарының активтері 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 206 141 млн. теңге, бір жылдағы өсім – 15,0%. Активтердің құрылымында ең үлкен үлесі (жиынтық активтердің 64,3%) – 775 134 млн. теңге сомасындағы бағалы қағаздар.

Сақтандыру ұйымының 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндеттемелері 652 807 млн. теңге, жылдық өсім – 12,5%. Міндеттемелердің құрылымында ең үлкен үлесті (жиынтық міндеттемелердің 87,3%) 570 210 млн. теңге сомасындағы сақтандыру резервтері иеленеді.

Меншікті капитал – 553 млрд теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғандағы өсім – 18,1% [1].

Төменде 2014-2019 жыл аралығындағы активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің көрсеткіші берілген (Сурет 1).



Сурет 1 – Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд теңге.

Ескерту: [1] дереккөз негізінде құрастырылған


Сақтандыру сыйлықақыларының 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көлемі 508 512 млн. теңгені құрады және 2019 жылғы 1 қаңтардағы осыған ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 32,1%-ға өскен.

Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі үлесі ерікті жеке сақтандыру (сақтандыру сыйлықақыларының жалпы үлесінің 40,5%-ы немесе 205 995 млн. теңге). Міндетті

сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық үлесі 24,2% немесе 122 935 млн. теңге, ал ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 35,3% немесе 179 582 млн. теңге.

2019 жылдағы жүргізілген қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергендегі сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 178,2%-ға жоғары болды және 196 880 млн. теңгені құрады. 2019 жылдағы жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасында ерікті мүліктік сақтандыру үлесі 61,6%, ерікті жеке сақтандыру – 20,6% және міндетті сақтандыру – 17,8% құрайды [2].

2-суретте сақтандыру төлемдері мен сақтандыру сыйлықақылары арасындағы байланыс көрсетілген.



Сурет 2 – Сақтандыру төлемдері мен сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы, млрд теңге.

Ескерту: [2] дереккөз негізінде құрастырылған

Макроэкономикалық көрсеткіштер

- Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ үлесі – 0,82%;
- Сақтандыру сыйлықақыларының адам басына шаққандағы қатынасы – 27 290 теңге.

Шоғырландыру

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының:

- жиынтық активтеріндегі үлесі – 83,8%;
- меншікті капиталындағы үлесі – 82,2%;
- жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы үлесі – 72,8%;
- жиынтық сақтандыру төлемдеріндегі үлесі – 84,3% [3].

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы бірқатар проблемалармен сипатталады, олардың шешу үшін ұзақ мерзімге бағытталған бірнеше шаралар жүзеге асыру керек.

S&P Global Ratings болжауы бойынша, Қазақстанның экономикалық өсуінің тұрақты қарқыны сақталады (2020-2022 жылдары орташа 3,6%-ға жуық), алайда Қазақстанда сақтандыру қызметтерінің қалыптасу деңгейі дамыған елдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен болып қалады.

Дамыған елдердегі сақтандыру секторы ауқымды, сонымен қатар оларда өмірді сақтандыру басым болады. Дегенмен де, олардың сақтандыру компанияларына одан әрі өсу үшін көптеген мүмкіндіктер жоқ. Ал дамушы елдерде сақтандыру мәдениеті енді ғана қалыптасуда, сондықтан сақтандыру сыйлықақысының көлемі төмен, ал басым сақтандыру түрі ретінде автосақтандыру секілді қарапайым сақтандыру түрлері болып табылады. Біз Қазақстанның сақтандыру секторының қалыптасу кезеңінде тұрғанын көріп отырмыз, өйткені сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге деген қатынасы 2020 жылдың қаңтарындағы деректерге сәйкес, 0,82%-ты құрады. Бұл дамыған елдермен салыстырғанда өте төмен көрсеткіш, онда сақтандыру қызметтерінің деңгейі ЖІӨ-нің 4%-дан астамын құрайды (мысалы, Германияда-6,1%, Италияда-8,3%).

Халықтың жан басына шаққанда сақтандыру шығындарының мөлшері Қазақстанда аз болып қалады – \$68 (27 290 теңге), бұл орташа деңгейден төмен. Бұл көрсеткіш дамыған және дамушы елдерде айтарлықтай ерекшеленеді – орташа алғанда, сәйкесінше, шамамен \$3500 және \$150. Мысалы, Ресей Федерациясында ол – \$152, Грузияда – \$46, Өзірбайжанда – \$33-ге тең. Көрсетілген елдердегі қолда бар кірістердің өсу қарқынының төмендігі сақтандыру секторының дамуын қолдамайды. Халық негізінен бірінші қажеттілік заттарын алады, сондықтан әрдайым тиісті сақтандыру қызметін таңдамайды [4].

Қазақстанның сақтандыру нарығы қатты шоғырлануымен ерекшеленеді. Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық активтеріндегі үлесі сақтандыру нарығындағы барлық қатысушылар активтерінің 83,8%-ын құрайды. Сонымен қатар, Қазақстанның сақтандыру нарығында пруденциалдық бақылаудың күшеюі нарықтың одан әрі шоғырлануына әсер етпек.

Бүгінгі күні Қазақстанда заңды тұлғалардың да, азаматтардың да барлық негізгі тәуекелдерін сақтандыру нашар ұсынылған. Экономиканың тұтас салалары, оның ішінде отын-энергетикалық және құрылыс кешені сияқты салалар сақтандырумен қамтылмаған. Адамдар пәтер сатып алады, бірақ оларды өрттен және басқа да апаттан сақтандырмайды. Жұмыс берушілер қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан және кәсіби аурулардан сақтандырмайды. Іс жүзінде шағын және орта бизнесті сақтандыру жоқ.

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын дамытудың негізгі проблемаларының бірі ерікті мүліктік сақтандырудың жеткіліксіз дамуы болып табылады. Ерікті мүліктік сақтандыру ішкі инвестициялық әлеуеттің өсу факторларының бірі болып табылады, өйткені сақтандыру ұйымдары мүліктік сақтандырудың ұзақ мерзімді түрлері арқылы экономикаға ақшаны жеткілікті ұзақ мерзімге тартады, содан кейін қаржы құралдары нарығына жіберіледі. Ерікті мүліктік сақтандыруды жүргізу ерекшеліктері мынадай проблемалармен байланысты:

- халық табысының жеткіліксіз деңгейі;
- инвестициялау үшін сенімді қаржы құралдарының жеткіліксіздігі;
- потенциалды сақтандырушылардың өз болашақта сенімсіздігі;
- халықтың, жекелеген сақтандыру делдалдары мен сақтандырушылардың сақтандыру мәдениеттерінің төмендігі;
- халықтың ұзақ мерзімді мүліктік сақтандыруға қатысуы үшін экономикалық ынталандырудың болмауы.

Республиканың сақтандыру нарығын жақсарту үшін мынадай шаралар қабылдау қажет:

1. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру. Қаржылық сауаттылық адамнан негізгі қаржылық аспектілерді түсінуді талап ететін сала болып табылады. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру сақтандыру, әртүрлі сақтандыру қызметтері саласында білім алуға, халықты өмірді, мүлікті сақтандыру тәсілдерінде, жеке сақтандыру ерекшеліктерінде оқытуға, сақтандыру, алаяқтық тәуекелдері, оларды болдырмау тәсілдері туралы білімді қалыптастыруға негізделеді [5].

2. Қазіргі уақытта мемлекет әлеуметтік салада және сақтандыру саласында жүргізіп жатқан реформалар, сондай-ақ ел экономикасындағы оң ілгерілеулер республикадағы сақтандыру институтын дамыту үшін негіз қалайды. Тұтастай алғанда сақтандыру нарығын дамыту – көбінесе қаржы нарықтарының және осы нарықтар ұсынатын сақтандыру ұйымдарының активтері инвестициялануы мүмкін құралдардың дамуына байланысты. Сақтандыру ұйымдарының тәуекелдері бойынша, құралдардың мерзімділігі бойынша және олардың өтімділігі бойынша активтерін әртараптандыруды қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту қажет.

3. Қазақстанның сақтандыру нарығы, менің ойымша, нормативтік ережелер мен талаптарға шамадан тыс жүктелген, сондықтан меншікті капитал бойынша және сақтандыру нарығына кіру жөніндегі талаптарды азайту қажет. Осылайша, сақтандыру компанияларына талаптар азайтылады, сақтандыру нарығына кіру құнын төмендетеді, бұл сақтандыру нарығындағы ойыншылардың санының ұлғаюын және сонымен бірге жаңа инвестициялар

ағынын туындатады. Экономика белсенді өсуді және индустрияландыруды жалғастырады, бұл сақтандыру компанияларының меншікті капиталының ұлғаюына және олардың Халықаралық қайта сақтандыру нарығына шығуына әкеледі, бұл кейбір сақтандыру компаниялары үшін қайта сақтандыру қызметінің негізгі түрін тартады және шағын және орта бизнес сегментіндегі және сондай-ақ бөлшек сақтандыру нарығындағы бәсекелестікті босатады, ірі сақтандыру компаниялары сақтандыру мәдениетін арттыруда ақша бөледі, бұл сақтандыру сыйлықақыларының өсуіне қосымша түрткі болады.

4. Табысқа жету үшін сақтандыру бизнесінде алдыңғы қатарлы сақтандыру өнімін шығару ғана емес, оны мақсатты аудиторияға дұрыс жеткізе білу керек. Сондықтан әрбір сақтандырушы өз құрамында маркетинг қызметі мен сақтандыру агенттерін даярлау курстары мен бағдарламалау бөлімі, қысқаша айтқанда, сақтандыру компаниясы мен жалпы нарықтың жоғары тиімді және табысты қызметін қамтамасыз ете алатын ұйымдастырушылық құрылымы болуы тиіс [6].

Оң макроэкономикалық перспективалар Қазақстанның сақтандыру саласы үшін қолайлы ұзақ мерзімді болжамды алдын ала айқындайды. Қолайлы және қуатты макроэкономикалық ұзақ мерзімді факторлардың болуы қазақстандық сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылар бизнесінің жылдам өсуін сенімділікпен болжауға мүмкіндік береді.

Ақыр соңында, қазақстандық сақтандырушылар өздерінің баланстық көрсеткіштерін және қабылданатын тәуекелдерді ұстап тұру қабілетін арттыруға әбден қабілетті екенін атап өткен жөн. Көрсетілген барлық шаралар, олар бір-бірден немесе барлығы бірге қабылданса да – қазақстандық сақтандыру нарығының ұзақ мерзімді дамуы мен табыстылығын қамтамасыз етуге қабілетті.

Осы мақаланы дайындау барысында зерттелген материалдар бүгінгі күні сақтандыру нарығын жоспарлы дамыту және оны өркениетті жүйеге айналдыру қажеттілігі туындады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, сақтандыру нарығы - бұл тек «сақтандыру қызметін сатушылар нарығы» ғана емес, ол – өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті, бірнеше кіші жүйелерден тұратын және өзі ірі жүйелерге кіретін неғұрлым күрделі жүйе.

Нарықтық экономикада сақтандыру айтарлықтай маңызды рөл атқарады, ол мыналармен айқындалады: мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігіне түсетін жүктемені төмендету; ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін және оның пропорциясын реттейтін нарықтық тұрақтандыру; өмір сүру қауіпсіздігін арттыру құралы; азаматтарды әлеуметтік қорғау тетігі; экономикадағы инвестициялардың ірі көзі.

Қазақстанның сақтандыру компанияларының жиынтық активтері соңғы 5 жылда 2 есеге артып, 2020 жылдың 1 қаңтарына 1,206 трлн теңгені құрады. Бұл соңғы жылдардағы сақтандыру нарығының айтарлықтай дамығандығын көрсетеді. Жоғарыда келтірілген талдауды негізге ала отырып, қазақстандық сақтандыру нарығы қалыпты қарқынмен дамып келеді деген қорытынды жасауға болады.

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын дамытудың мынадай проблемаларын атап өтуге болады: ерікті мүлктік сақтандырудың жеткіліксіз дамуы, сақтанушылардың қаржылық сауаттылық деңгейінің төмендігі, сақтандыру нарығындағы шоғырланудың жоғары көрсеткіші.

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын жақсарту үшін мынадай шаралар қабылдау қажет: халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржы нарықтарын және осы нарықтар ұсынатын құралдарды дамыту, сақтандыру қызметтерін қолданатын тұтынушылармен байланыс орнату. Осы іс-шаралардың нәтижесінде халықтың қаржылық сауаттылығы артады, ерікті мүлктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары ұлғаяды.

Аталған проблемалар сақтандырушылардың заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіруге қажеттілігімен қатар, нарықтың неғұрлым серпінді дамуына кедергі келтіреді. Отандық сақтандыру нарығының қазіргі жағдайы дамыған елдердің тиісті көрсеткіштерінен әлдеқайда төмен, дегенмен де бұл жағдай сақтандыру нарығындағы қатысушылардың жылдам қарқынмен дамуына көптеген жолдар ашады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. www.nationalbank.kz – ҚР Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсы. 2014-2019 ж. сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары бойынша жиынтық бухгалтерлік балансы;
2. www.nationalbank.kz – ҚР Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсы. 2014-2019 ж. Сақтандыру кластары мен салалары бойынша сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдері;
3. www.finreg.kz – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсы. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының ағымдағы жағдайы;
4. www.spglobal.com/ratings – S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігінің ресми сайты;
5. Roadmap for a National Strategy for Financial Education in Kazakhstan // OECD, 2018;
6. www.forbes.kz – Қазақстанның сақтандыру нарығы: өсу нүктелері, басымдықтар мен бағдарлар.